

**Кімге:** ҚР Преидентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Ақтөбе облысы бойынша филиалының профессоры, экономика ғылымдарының кандидаты ЕСБЕРГЕН РАУШАН ӘКІМГЕРЕЙҚЫЗЫНА

**Автордың аты- жөні және лауазымы:** Темір ауданы әкімі аппаратының ұйымдастыру және ақпараттық талдау бөлімінің басшысы АБАЙ АЙБОЛАТ АБАЙҰЛЫ

**Күні:** 18.11.2024 ж.

**Кілт сөздер:** аудан, экономика, өнеркәсіп, инвестиция

## **АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖАЗБА**

**Тақырыбы:** «Темір ауданы бойынша әлеуметтік – экономикалық даму барысы туралы».

**Кіріспе:** Қазақстан табиғи-экономикалық байлығы жағынан әртүрлі аймақтық айырмашылықтары бар мемлекет болып табылады. Бұл айырмашылықтар мемлекеттің экономикалық даму деңгейінде, инфрақұрылымында және инвестициялық мүмкіндіктерінде айқын көрініс тапты. Қазақстанның аймақтық дамуының ерекшеліктері, жекелеген аймақтардағы өн-дірістің, ресурстардың бастапқы деңгейінің әртүрлілігі, нарықтық экономикадағы әртүрлі реформалар Қазақстанның аймақтарының тең емес жағдайда дамуына әкеліп соғады. Қазақстанның аймақтарының әлеуметтік-экономикалық даму тенденцияларын анықтау әрі оны әрі қарай жетілдіру, аймақтық саясатты жаңаша бағытта дамыту маңызды болып табылады. Жалпы Қазақстанның аймақтық саясатының басты міндеті аймақтың нарықтық экономика жағдайында бәсекеге қабілеттілігін арттыру, оның өндірістік және ресурстық потенциалын толығымен қолдану арқылы аймақ халқын жұмыспен қамтамасыз ету және өмір сүру деңгейін арттыру болып табылады. Бұл тұрғыдан алғанда бұл мақаланың мақсаты ауданның әлеуметтік- экономикалық даму тенденцияларын айқындау болып табылады. Әрі аймақты күрделі және ірі әлеуметтік-экономикалық жүйеге жатқызуға болады. Мұндай әлеуметтік-экономикалық жүйенің күрделілігі оның өзіндік сапалық сипаттамалары бар экономикалық, әлеуметтік, экологиялық ішкі жүйелерінің болуында. Осы әлеуметтік-экономикалық жүйені жетілдірудің мақсаты аймақтық қағидаларды қалыптастыру негізінде аймақтың ресурстық және өндірістік әлеуетін тиімді пайдалану, аймақтың өзін-өзі басқару жүйесін жетілдіру.

**Мазмұны:** Аймақтық даму деген түсінікті анықтау үшін, ең алдымен аймақтың жүйелік сипатын анықтау қажет. Жалпы аймақтық жүйе деген күрделі әлеуметтік-экономикалық жүйе екенін атап өттік. Аймақтың жүйе ретінде даму тұжырымдамасы, жалпы даму тұжырымдамасы сияқты, оның параметрлерінің тұтастай алған- да оң динамикасын білдіруі

керек. Мұнымен қатар аймақтық жүйенің маңызды ерекшеліктері бар екенін атап өту керек. Біріншіден, аймақтық жүйе әлеуметтік-экономикалық жүйе болғандықтан, бұл жүйенің параметрлері тек экономикалық емес, сонымен қатар әлеуметтік көрсеткіштер болып табылады. Көп жағдайда бұл жүйенің әлеуметтік көрсеткіштері экономикалық көрсеткіштерден маңыздырақ болып келеді. Ал экономикалық көрсеткіштердің дамуы жүйенің әлеуметтік мақсаттарына жетуіне негіз болып табылады. Жалпы аймақтық жүйелерді дамыту ең алдымен халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасын арттыруға бағытталуы керек. Аймақтық жүйенің дамуының маңызды екінші ерекшелігі - оның көрсеткіштерінің дамуының оң динамикасының тұрақтылығы. Әрине, жүйе ретінде аймақтық жүйе экономикалық даму процесінде кейбір ауытқуларға жол беруі мүмкін. Алайда тұтастай алғанда көрсеткіштердің дамуының тұрақты тенденциясы болуы керек. Аймақтық жүйенің үшінші ерекшелігі - дамудың пропорционалдығы мен тепе-теңдігі. Бұл оның параметрлерін мұқият тексеріп, аймақтың репродуктивті әлеуетінің белгіленген және экономикалық негізделген жаңа пропорцияларын сақтау керек дегенді білдіреді.

Ағымдағы жылдың 10 айының қорытындысымен ауданның әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерінің қалыпты дамуы тіркелді.

---

Өнеркәсіп өнімінің көлемі **115 млрд 243 млн** теңгені құрап, **93,3%** орындалды.

Негізгі капиталға салынған инвестициялар **16 млрд 152 млн** теңгені құрап, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда **168,6%** өсіп отыр.

Өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда құрылыс жұмыстарының көлемі **154,0% (6 млрд 396 млн тг)**, тұрғын үй салу **100,9% (11 237 ш.м.)**, ауылшаруашылық өнімдері **101,8% (15 млрд 645 млн тг)**, кәсіпкерлік субъектілерін тіркеу **118,0% (3142 бірлік)** өсті.

Бөлшек сауда **108,6% (2 млрд 977 млн тг)**, көтерме сауда **119,1% (868 млн тг)** құрады.

Орташа айлық жалақы (II тоқсан 2023 ж) **119,1% (364 мың 878 тг)**, жұмыссыздық деңгейі (659 адам) **3,8%** (2021 ж – 4,3%).



Тұрғындардың өмір сапасын жақсарту, оларға қолайлы жағдай жасау үшін барлық мүмкіншіліктер жасалуда. Коммуналдық сала, оның ішінде инженерлік инфрақұрылымды дамыту басты назарда.

Ауданның **21** елді мекені, тұрғындардың **97,5%** орталықтандырылған ауыз су қамтылды. 2022 жылға бұл көрсеткіш **90,5%**, 2023 жылы **93,1%** болатын. Жалпы, соңғы 2 жылда ауданда 10 елді мекен ауыз сумен қамтылды. Қалмаққырған (315,9 млн тг), Шығырлы (361,3 млн тг) ауылдарына орталықтандырылған ауыз су желісі жүргізілді.

Еңбекші ауылының ауыз су желісі осы жылы аяқталады деп жоспарланды (317,3 млн тг). Осы жоба аяқталса, аудан тұрғындары **100%** ауыз сумен қамтылады.

Халық саны аз 8 ауылға (Ащысай, Бірлік, Шитүбек, Жамбыл, Бабатай, Шибұлақ, Сартоғай, Қопа) кешенді блок –модульдер орнатылды. Бәшенкөл ауылына демеушілікпен су ұңғымасы қазылды.

**Газбен қамту саласында**, ауданның **14** елді мекені, тұрғындардың **93,4%** газбен қамтылып отыр. Соңғы 3 жылда 3 елді мекен (1800 тұрғын ) газбен қамтылды (Ақсай, Тасқопа, Жамбыл).

Бұл бағытта 2 ауылда (Алтықарасу, Еңбекші) газ желісінің құрылысы жүріп жатыр (**1 млрд 116 млн тг**). Осы жылы аяқталды. Осы жобалар толық іске асқанда, **16 елді мекенде** тұрғындардың **95,9%** газбен қамтылды.

2022 жылы Шығырлы, Ащысай ауылдарына тартылатын және ауылішілік газ құбырын салу жобасына жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп, мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынды (12.09.2022 ж. № 19-0339/22). Жоба құны 488,6 млн. теңге.

2023 жылдың ақпан айында 2023-2025 жылдарға арналған республикалық бюджетті нақтылау барысында салалық министрлікке бюджеттік өтінім берілетін болады.

«Құмсай, Қопа газ құбырларын қайта жаңғырту» жобасы бойынша жоба-сметалық құжаттары әзірленуде. Жобаның қуаты – 13,025 км. Жоба құны – 1 147,5 млн.теңге.

Темір ауданы аумағында барлығы **417 км 345 метр** автомобиль жолдары бар.

Оның ішінде:

- республикалық маңыздағы - 75 км,
- облыстық маңызы бар 253 км,
- аудандық маңызы бар - 89,345 км.

Ауданда 175 ауылішілік автомобиль жолдары болса, 2024 жылға жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы аудандық маңызы бар жолдардың көрсеткіші – 5,1% құрады.

2023 жылы аудан бойынша **2 аудандық маңызы бар жолдар** (Сартоғай, Тасқопа 0-11 км) орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді.

---

Тасқопа ауылына кіреберіс автомобиль жолын орташа жөндеу жобасы 2022-2024 жылдарға жоспарланған. Жоба құны – **1,35** млрд теңге. 2022 жылға **500** млн теңге бөлініп, игерілді.

---

Сартоғай ауылына кіреберіс автомобиль жолын орташа жөндеу жобасы 2021 жылы басталып, 2 км жөнделді. Жоба құны **-164,9** млн тг. Жөндеу жұмыстары 2022 жылдың тамыз айында аяқталды.

---

2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарға сәйкес, Ақсай (123,2 млн тг), Құмқұдық (410,0 млн тг), Еңбекші (1,0 млрд тг), Темір (54,0 млн тг), Жамбыл (500,0 млн тг), Бірлік (190,0 млн тг), Шығырлы (100,0 млн тг) елді мекендеріне кіреберіс жолдардың құрылысын жүргізілді.

Шұбарқұдық кентінде Жамбыл, Махимов көшелері автомобиль жолының құрылысы (**122,9** млн тг) және Ойыл, Геолог көшелері автомобиль жолының құрылысы (**103,2** млн тг) бойынша қиыршық тас

төселді. Баға тұрақсыздығына байланысты құрылыс жұмыстары тоқтап тұр. ЖСҚ өзгеріс енгізілуде.

Кеңқияқ ауылының 9 көшесінің автомобиль жолдары құрылысының құны **928 714,0** мың теңге. 2023 жылы аудандық бюджеттен **240,0** млн теңге бөлінді. Құрылыс материалдары тасымалданып, жарықшамдар орнатылды. Автомобиль жолы мен жаяу жүргіншілер жолының құрылысы осы жылы жүргізіледі. Жоба 2022-2023 жылдарға арналған.



### Құрылыс және тұрғын үй саласы

Шұбарқұдық кенті «Қызылжар» мөлтек ауданында 2 қабатты 16 пәтерлік коммуналдық жалдамалы тұрғын үй наурыз айында толық пайдалануға берілді. Жалпы құны - **195 463,0 мың теңге**.

Шұбарқұдық кенті «Қызылжар» мөлтек ауданында 5 қабатты 60 пәтерлік коммуналдық жалдамалы тұрғын үйдің құрылысына жобалау сметалық құжаттамасы әзірленді. Жобаның құны - **1 510 909,0 мың теңге**.

Мемлекеттік тұрғын үй кезегінде **527** адам тіркелген (оның ішінде, Шұбарқұдық – 273, Кеңқияқ - 97).

**Білім беру** саласында, «**Жайлы мектеп**» жобасымен Шұбарқұдық кентіндегі Ж.Кереев атындағы орта мектептің апатты деп танылуына байланысты **600 орындық** жаңа мектептің құрылысы және Кеңқияқ ауылында 3 ауысымды оқытуды болдырмау мақсатында **320 орындық** жаңа мектептің құрылысы жүргізілуде.





## БІЛІМ БЕРУ



27 мектеп

4 қосымша білім беру мекемесі

18 балабақша



2024 жылы  
150 және 70 орындық  
жеке балабақша  
ашылады

2023 жылы  
күрделі жөндеу жүргізілді



Алтықарасу МБ  
«Айгөлек» ББ

“ЖАЙЛЫ МЕКТЕП” пилоттық жобасы арқылы  
2023 жылы ЖСҚ өзірленіп,  
құрылысы басталды



Шұбарқұдық кентінде 600 орындық  
мектеп



Кеңқияқ ауылында 600 орындық  
мектеп құрылысы басталды

### Мәдениет саласы

-Аудандық орталық кітапхана ғимаратын салу үшін жобалық-сметалық құжаттама дайындалды (617,0 млн тг).

Аудандық музей мен архив ғимаратына жобалық-сметалық құжаттама дайындалды (800,0 млн тг).

-Кеңқияқ ауылына 300 орындық мәдениет үйінің құрылысына жобалық-сметалық құжаттама дайындалды.

Жоба құны -1 млрд 158 млн 119,7 мың тг. Қаржының бөлінуіне орай конкурске хабарлама беріледі.

-Жақсымай ауылдық округінде 150 орындық клуб үйінің құрылысына қаржы бөлінді, құрылыс жұмыстары жүргізіліп жатыр (193,0 млн тг).

### Денсаулық сақтау саласы

Өткен жылы Кеңқияқ ауылдық ауруханасына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Алтықарасу дәрігерлік амбулаториясының құрылысына жобалау-сметалық құжаттама әзірленді, сараптамадан өткізу кезеңінде.

2024-2025 жылдарға Ақсай, Тасқопа дәрігерлік амбулаториясы және Қайыңды, Шығырлы медициналық пункттерінің құрылысы жоспарланып отыр.

### Спорт саласы

*Шұбарқұдық кенті «Қызылжар» мөлтек ауданында жабық жүзу бассейні құрылысы басталды. Жоба құны 295835,6 мың тг.*

Ағымдағы жылы 3 елді мекенде (Шұбарқұдық, Шығырлы, Жамбыл) спорт алаңы салынуда. 6 елді мекенде (Ақсай, Алтықарасу, Кеңестуы, Кеңқияқ, Темір, Саркөл) балалар ойын алаңдарын орнату жүргізілуде.

### **Әлеуметтік сала**

Шұбарқұдық кенті (236,6 млн тг) мен Кеңқияқ ауылында (240,6 млн тг) мүмкіндігі шектеулі балаларды оңалту орталығы ғимаратының құрылысына жобалау сметалық құжаттама әзірленді. Ағымдағы жылы Кеңқияқ ауылында құрылысын бастау жоспарланды.

### **Жарықтандыру**

Ағымдағы жылы Шұбарқұдық кенті Н.Байғанин көше жарығының құрылысы жүргізілді. *Жобаның қуаты – 2,4 км. Жоба қуаты – 80,061 мың теңге.*

Бұдан бөлек, барлық ауылдық округке жарықтандыруға байланысты қаржылары бөлінді, жоспарға сәйкес жұмыстар жүзеге асырылуда.

**Абаттандыру** бағытында ағымдағы жылы Шұбарқұдық кентіндегі Байғанин көшесіндегі №1 және 2 көп қабатты тұрғын үй массивін абаттандыру жобасы іске асырылуда. *Жобаның қуаты: 15585 м2, жабындар алаңы – 4803 м2, көгалдандыру алаңы-10782 м2. Жобаның жалпы құны 86 855,128 мың теңге.*

Кеңқияқ ауылында 11 көп қатарлы тұрғын үйлерді абаттандыру жұмысы жасалады. Бүгінгі күнге, 3 көп қатарлы тұрғын үйлерге жөндеу жұмыстары басталды.

### **Қорытынды:**

Аймақ дамуын мемлекеттік реттеудің негізгі мақсаты - аймақтардың тұрақты экономикалық өсуіне мүмкіндіктер жасау негізінде бүкіл республика экономикасының өркендеуіне жол ашу болып табылады. Көздеген мақсатқа жету - мемлекеттік және аймақтық мүдделердің бірлігін, олардың ұштастырылуын көздейді. Басқа елдердегі мемлекеттік реттеу тәжірибесін оқып үйрену және ғылыми қорытындылау мақсаты, оны біздің әлеуметтік-экономикалық жағдайымызға өзгертпей көшіріп алу емес. Бұл келесі объективті сипаттағы себептерге байланысты мүмкін емес:

- республика басқа елдердегі саяси, табиғи-экономикалық, әлеуметтік-демографиялық, этно-мәдени және тағы да басқа себептерге байланысты өзгешеленеді;
- қазіргі Қазақстан жағдайында ұлттық экономиканы құру процесіндеміз және де экономикалық әкімшілік-жоспарлық шаруашылықтан нарықтық экономикаға өткен бізге ұқсас ешбір ел жоқ;

- басқару жүйесі мен шаруашылықта негізгі өзгерістер белгілі бір себептерге байланысты тиісті негіздеусіз жүргізіледі және «революциялық» көрініс табады, ал нарықтық экономиканы мемлекеттік реттеу шаралары олардың эволюциялық даму «нәтижесі» болып табылады.

Бірақ та шет елдер тәжірибесін ғылыми қорытындылау қажеттігі келесі жағдайлар бойынша түсіндіріледі: біріншіден, экономиканы мемлекеттік реттеудің қағидалары мен жүйесінің тұжырымдамалы негізін, түбірін анықтауға мүмкіндік туады, екіншіден, аралас экономиканың жалпы заңдылықтарын анықтау мүмкіндігі туады, және де бұл Қазақстан жағдайында мемлекеттік реттеудің механизмдерін «түйістіруге» мүмкіндік жасайды, үшіншіден, мұндай толықтыру мемлекеттік реттеудің нәтижелерін салыстырып талдауға мүмкіндік береді және де керек болған жағдайда экономикалық реформаларды құруды, әлемдік шаруашылық процеске республиканың араласу мөлшерін ескере отырып, реформаларды дұрыс жолмен жүргізуге мүмкіндік береді. Әлеуметтік-экономикалық процестерге мемлекеттің араласу тәжірибесін үйренуден шығатын қорытынды - коптеген алдыңғы қатарлы елдерде экономиканы мемлекеттік реттеудің негізгі құралдары ретінде халық шаруашылығы дамуының мақсаттары мен басымдылықтарын анықтау, болжау, жоспарлау, бағдарлама жасау қарастырылады. Сыртқы, ішкі және оларға сәйкес факторлардың біртіндеп шиеленісуі, мемлекет тек ғылыми негізделген экономикалық мақсаттарға жетуде, әрқашан тарихи жағдайды ескеруді талап етеді. Американдық ірі экономист П. Самуэльсон көрсеткендей, мұндай зерттеулерсіз, «күннен-күнге өсіп отырған қиыншылықтар мен әлеуметтік өзгерістерге эволюциялық жолмен икемделе алмайтын экономикалық жүйелерге, қазіргі кезде қаншалықты мықты болғаныменен, бара-бара күйреу қатері туындайды, өйткені ғылым мен техника экономикалық өрістің табиғи дамуын үздіксіз өзгертіп отырады». Басқаша айтқанда, дәл біздің экономика сияқты, «әлсіз экономикалық жүйеге», барлық туындайтын қиындықтарға «эволюциялық жолмен икемделу қажеттілігі» үздіксіз ғылыми-техникалық процесс салдарынан туындайды.

#### **Пайдаланылған дереккөздер/әдебиеттер тізімі:**

1. <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-temir?lang=kk>, Темір ауданы әкімдігі сайты.
2. Темір ауданы энциклопедиясы, Ақтөбе «Ақтөбе-Хабар» ЖШС, 2019 жыл.УДК (908,031)